

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Россия ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 284 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 сәуірде № 5547 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 332 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 25.12.2019 № 332 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 - бабының 6-тармағына және 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Ұзынкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Россия ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Россия ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұзынкөл аудандық

мәслихатының кезекті

сессиясының төрайымы

Ұзынкөл аудандық

мәслихатының хатшысы

С. Руденко

В. Вербовой

**Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Россия  
ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық  
жынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің  
сандақ қурамы**

Елді мекенінің атауы	Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Россия ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Россия ауылдық округінің Тайсойған ауылының тұрғындарына	38
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Россия ауылдық округінің Обаган ауылының тұрғындарына	32

Мәслихаттың  
2015 жылғы 20 наурыздағы  
№ 284 шешімімен бекітілген

**Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Россия  
ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық  
жындарын өткізуіндің қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Россия ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жындарын өткізуіндің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 - бабының 6 -тармағына, 2013 жылғы 18 қазандығы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жындарын өткізуіндің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Россия ауылдық округі ауылдары тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жындарын өткізуіндің тәртібін белгілейді.

2. Россия ауылдық округінің аумағындағы ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жыны (бұдан әрі - бөлек жын) жергілікті қоғамдастықтың жынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

**2. Бөлек жындарды**

**өткізу тәртібі**

3. Бөлек жынды Россия ауылдық округінің әкімі шақырады.

Ұзынкөл ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жыныны өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Россия ауылдық округі ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізуіді Россия ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Россия ауылдық округі ауылдарының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Россия ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Россия ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Россия ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Ұзынкөл аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Россия ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қафидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Россия ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.